

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 290 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 шілдедегі N 755 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2004 жылғы астықты мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 290 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "478317 (төрт жүз жетпіс сегіз мың үш жүз он жеті) тоннаға дейінгі" деген сөздер "479751 (төрт жүз жетпіс тоғыз мың жеті жүз елу бір) тоннаға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) т а р м а қ ш а д а :

екінші абзацта "2650680000 (екі миллиард алты жүз елу миллион алты жүз сексен мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 199000 (бір жүз тоқсан тоғыз мың) тоннаға дейінгі көлемде азық-түліктік жұмсақ бидай астығы" деген сөздер "2841600000 (екі миллиард сегіз жүз қырық бір миллион алты жүз мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей франко-элеватор шартымен 213334 (екі жүз он үш мың үш жүз отыз төрт) тоннаға дейінгі көлемде азық-түліктік жұмсақ бидай астығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "444000000 (төрт жүз қырық төрт миллион) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 30000 (отыз мың) тоннаға дейінгі көлемде азық-түліктік қатты бидай астығы" деген сөздер "253080000 (екі жүз елу үш миллион сексен мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 17100 (он жеті мың бір жүз) тоннаға дейінгі көлемде азық-түліктік қатты бидай астығы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК